

Қазақстан
Республикасы Денсаулық
сақтау
министірлігі



ОҚТУСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ АҚ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕДИЦИНА
КОЛЛЕДЖІ

«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы

Презентаци

Тақырыбы: Мейіргердің жұмыс орынындағы қауіпсіздігі.

Я

Орындаған: Балғабай Ж.

Тобы: С-МІҚ-11.01.19 А

Қабылдаған: Нишанбаева А.Б.

Шымкент

2020ж

Жоспар

- Кіріспе

- Негізгі бөлім

А) Мейірбикенің міндеттері мен құқықтары.

Б) Мейірбикенің алтын ережесі.

В) Мейірбике үшін қол жуу маңыздылығы

Қорытынды

- Пайдаланылған әдебиеттер

Мейірбике – бұл емдеу-профилактикалық мекемелерде, сонымен қатар мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектептерде, ұйымдарда дәрігердің тікелей басшылығымен жұмыс жасайтын медициналық орта білі бар маман.

Мейірбике бойындағы қасиеттер:

- Қамқорлық;
- Жанашырлық;
- Жауапкершілік;
 - Беріктік;
 - Зеректік;
- Мейірімділік;
 - Төзімділік;
- Адамгершілік.



Мейірбике міндеттері:

- Мейірбикелік үрдісті қалыптастыру;
- Пациенттің функционалды жағдайын тжақсарту;
- Пациент қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- Пациент қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Пациент және оның отбасы мүшелерімен этика-деонтологияны сақтай отырып қарым-қатынас жасау;
- Пациент және оның отбасы мүшелеріне физикалық-психологиялық қолдау көрсету.



Мейірбике құқығы:

- Сырқатқа дәрігерге дейінгі жедел көмек көрсетуге;
- Сырқаттың ауру тарихын толтыруға, анализдерді тіркеуге, қызу қағазын толтыруға.
- Палатаның, кабинеттің, асханалардың тазалығын тексеруге
- Аға мейірбикеге керекті дәрілерге талап қағазын жазуға
- Дәрігердің науқастарды қарауына, қабылдауына қатысуға.
- Мед. Құжаттарды жүргізуге
- Рентген және басқа зерттеулерге сырқаттарды даярлауға
- Санитарлық жұмысына басшылық етуге.
- Өз білімін жетілдіруге.



***МЕЙІРБИКЕНІҢ АЛТЫН
ЕРЕЖЕСІ:***

Еңбексүйгіштік

Сыртқы және ішкі жан
дүние тазалығы

Қарапайымдылық

Өзгенің қайғысын сезе білу,
өзіне сендіре білу

Жұмысқа берілу

Мейіргер емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн. Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.



Науқас адамдарды күту және оның маңызы.

Науқастарды күту-емдеу, аурудың алдын алу, гигиеналық және санитарлық-эпидемиологиялық, ауыр науқастардың жағдайын жеңілдетуге, тездетіп жазылуына, асқынулардың алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы.

Науқастарды күту жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жуындыру, тамақтандыру терісін, ауыз-қуысын күту керек, уақытымен төсегін іш киімдерін ауыстыру басқа гигиеналық шараларды іске асыру.

Дәрілерді тарату, оларды ішкізу, инъекция жасау, клизма жасау науқастарды аспаппен тексеруге дайындау, жағдайын бақылау.

Жалпы күтуге кез келген науқасты күту жатады.

Арнайы күтуге: хирургиялық, терапиялық, урологиялық күту жатады.

Мейірбике үшін қол жуу маңыздылығы

Ауруханаішілік инфекция жұқтырудың алдын алу мақсатында медициналық қызметкер бөлімшедегі эпидемияға қарсы режиммен танысып, қызметтік міндетін атқару кезінде санитарлық талаптардың орындалуына көңіл бөлуі керек.

Ем-шаралар (процедура)

Қолды тазалаудың үш деңгейі бар: әлеуметтік, гигиеналық (қолды залалсыздандыру), хирургиялық (белгілі уақытқа қол стерилдігіне қол жеткізу);

1. Антисептикті қолданбай, қолды сабынмен және сумен жуу
2. Антисептикті қолдану арқылы қолды өңдеу(антисептик қолдану)
3. Қолды хирургиялық дезинфекциялау (антисептик қолдану)

- Қол өңдеудің үш деңгейін ажыратады
- 1.әлеуметтік
- 2.гигиеналық
- 3.хирургиялық болып бөлінеді.
- ҚР ДСМ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің 23.04.2013 жылғы «Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдары қызметкерлерінің қолдарын зарарсыздандыру жөніндегі әдістемелік бекіту туралы». №111 бұйрығы.

Гигиеналық деңгейде қолды өңдеу

Мақсаты: транзиторлық микрофлораны кетіру немесе жою. Науқастың және медициналық қызметкерлердің жұқпалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қолдану көрсетілімдері: инвазивті емшараларды орындар алдында және орындаған соң, қолғаптарды кию алдында және шешкеннен соң, организмнің биологиялық сұйықтықтарымен жанасқаннан соң және мүмкін болатын микробтық ластанудан кейін, иммунитеті төмендеген науқасқа күтім жүргізер алдында.

Дайындаңыз: бір рет қолдануға арналған мөлшерлегіштегі сұйық сабынды, 70% этил спиртің, секундтік тілі бар сағатты, жылы ағынды суды, қағаз сүлгіні, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Қолдың саусақтарынан сақинаны, жүзік, сағатты және тағы да басқа әшекей- бұйымдарды шешіңіз.
 2. Қол терісінің бүтіндігін тексеріңіз.
 3. Халаттың жеңдерін білектің $2/3$ бөлігіне дейін қайырып ораңыз.
 4. Қағаз салфеткалар көмегімен су шүмегін ашып, судың температурасын $35-40^{\circ}\text{C}$ реттеңіз. Ол шүмекте орналасқан микроорганизмдермен қолдың жанасуын қорғайды.
 5. Жылы судың жайлы орташа ағымы астында қолды білектің $2/3$ бөлігіне дейін жігерлі сабындап, келесі ізбе-ізділікпен жуыңыз:
 - алақанды алақанмен;
 - сол қолдың сыртқы жақ бетін оң алақанымен және керісінше;
 - алақанды алақанмен, бір қолдың саусақтары екінші қолдың саусақтары арасында;
 - оң қолдың саусақтарының сыртқы беті сол қолдың алақаны бойынша және керісінше;
 - үлкен саусақтарды айналмалы қозғалыспен үйкелеңіз;
 - сол қолдың саусақтарының ұшын бірге жинастырып, оң алақанға айналмалы қозғалыспен және керісінше.
- Әрбір іс-қимыл 5 реттен кем емес 10 секунд бойы қайталанады.

6. Қолыңызды ағынды жылы судың астында сабын толық кеткенше шайыңыз. Қолыңызды шынтақ деңгейінен жоғары ұстаңыз (осы қалыпта су таза зонадан ласқа қарай ағады).
7. Шүмекті қолыңыздың оң немесе сол шынтағымен жабыңыз.
8. Қолыңызды қағаз сүлгімен құрғатыңыз. Егерде шынтақ краны болмаса, онда кранды қағаз сүлгі көмегімен жабыңыз.

Ескерту:

- қолды гигиеналық деңгейде жууға қажетті жағдай болмағанда, оларды антисептик көмегімен тазартуға болады;
- құрғақ қолдарға 3-5 мл антисептикалық затты жағып және оны қол терісіне кеуіп кеткенше ысқылаңыз. Қолды тазартқаннан кейін сүртудің қажеті жоқ! Сонымен қатар әсер ету уақытын сақтау маңызды - қолдар антисептикпен 15 секундтан кем емес уақыт ылғалды болып тұруы керек;
- тері бетін тазартқанда «тазадан ласқа» принципі сақталады;
- жуылған қолды басқа заттарға тигізуге болмайды.

Қорытынды

Өмірде ардақты да құрметті мамандықтар баршылық. Соның бірі – дәрігерлер. Ақ халатты абзал жандардың көмегі мен қамқорлықтарының арқасында ауру жандар сырқатынан айығып, денсаулықтың қадірін түсініп жатады.

Медицинада науқастың денсаулығына дәрігерден кем жауап бермейтін орта буын қызметкер – мейірбике екенін бәріміз де білеміз. Ия, науқасқа сырқатының салдарын тауып, оның емдеу жолдарын айқындап беруде дәрігер бағыт-бағдар берсе, оның әрі қарай емделіп, пациентке ықыласы мен мейірімін төгіп, олардың көңіл-күйіне әсер ететін медициналық көмек көрсететін ол - мейірбике. Науқастың жай-күйі мейірбикелердің жанкешті еңбектеріне тікелей байланысты. 80% науқастың емін тауып кетуіне септігін тигізетін мейірбикелер десек артық айтпағанымыз.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұратбеков С.К. Мейірбике ісі негіздері Астана, 2007ж
2. Санов С. Науқас адамдарды жалпы күту Қарағанды, 2013ж
3. Биназаров Н.Д. Мейірбике ісінің негіздері Алматы, 2004ж
4. Т. П. Обуховец “Сестринское дело практикум”М. 2002ж.
5. Интернет желісі.